

**Мектепалды даярлық «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы  
Қыркүйек айы I – апта (01.09.20ж -04.09.20ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша және отбасы»

**Апталық тақырып:** «Балабақша. Білім күні»

**Мақсаты:** Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы көруге, сыйлауға үйрету. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Сейсенбі 01.09.2020ж</b>	<b>Сәрсенбі 02.09.2020ж</b>	<b>Бейсенбі 03.09.2020ж</b>	<b>Жұма 04.09.2020ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.30	Таңертеңгілік балаларды бір-бірлеп қабылдау. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Балалардың денсаулығын дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Ішкі тәттіпті сақтай отырып балалардың ішке киетін киімдеріне көңіл аудару.			
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Ақылбек Шаяхметов «Білімнің –бұлағың»  Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен. Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен.	Сурет бойынша балабақша тақырыбында әңгімелеу. Мақсаты: балаларды сурет бойынша өз балабақшалары туралы әңгімелеп айтуға баулу, тіл байлықтарын арттыру, өз балабақшасын құрметтеуге үйрету.	Топта кезекшілікті сайлау. Күнделікті кезекшілік бұрышындағы әр бала өз фотосын көре отырып, таңертеңнен бастап күні бойы топта кезекшілік міндетін атқаруға дағдылану.	«Табиғатты аялайық» бұрышымен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін, айларын қайталата отырып, апта күндерін күн сайын кестеден белгілеп отыруға дағдыландыру.
Таңертеңгі жаттығу		Ертеңгі жаттығу кешені «Орамалмен»			
Таңғы ас		Таңғы асқа «астарың дәмді болсын» айту кезінде және ас ішіп болған кезде балалардың «рақмет» деп жауап беруге дағдыландыру. Тамақты ұқыпты ішуге, сөйлемей отырғызу.			
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.30-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар			
		Ақылбек Шаяхметов «Білімнің –бұлағың»  Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да, Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен	«Менің балабақшам» тақырыбы бойынша әңгімелесу.	Дидактикалық ойын: «Оқу құралдары» мақсаты: оқу құралдарын танып білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Біздің топ». мақсаты: топтағы білім алуға қажетті топ бұрыштары туралы өз ойларын айту.

		Құттықтап бүгін мен. Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен.			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	9.00-10.55	<p><b>«Қатынас»</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы: «Біздің айналадағы дыбыстар»</b>  <b>Мақсаты:</b> «Дыбыс» термині туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымымен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін талдау әрекеттерін қалыптастыру, сөздегі дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлілігін қалыптастыру.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Ненің дыбысы» шарты: аудио таспадан дыбыстарды ажырату.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Балабақшаға барамыз»</b>  (А. Досмағамбет)  <b>Мақсаты:</b> Білім күні туралы түсінік беріп, музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру.  <b>«Әлеумет»</b>  <b>Өзін-өзі тану</b>  <b>Тақырыбы: «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»</b>  <b>Мақсаты:</b> «Өзін-өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік</p>	<p><b>«Денсаулық»</b>  <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы: «Міне, менің тобым осындай!»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға барлық адамдардың балабақшадан мектептен білім алатындары туралы айту. Затты желке тұсынан оң және сол қолдарымен допты алысқа лақтыру. Заттардың арасымен еңбектеу.  <b>«Қатынас»</b>  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы: «Білім бұлағын» (өлеңмен танысу)</b>  Авторы: Ақылбек Шаяхметов  <b>Мақсаты:</b> Балабақшаға мектепке бара жатқан балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білім - бұлағын» өлеңін оқып, сөз мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың, ақын да, ғалым да – бәрі мектептен, балабақшадан білім алатыны туралы айтып беру. Өлең арқылы ақылды, білімді болып өсуге тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>«Таным»</b>  <b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы: «Математика еліне».</b>  <b>Мақсаты:</b> а) балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ</p>	<p><b>«Қатынас»</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар»</b>  <b>Мақсаты:</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру, дыбыстық талдау әрекетінің бастапқы қалпы туралы түсінік беру (қызыл түсті текше-дауысты, көк түсті текше-дауыссыз). Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын жетілдіру.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Жылулық шеңбері» шарты: шеңбер бойымен тұрып, бір-біріне алғыс, достық тілек айту.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы: «Түрлі-түсті шарлар»</b>  <b>Мақсаты:</b> «1 Қыркүйек Білім күні», күз мезгілінің ерекшеліктері, туралы түсінік беру, мерекелік көңіл күй сыйлау, сөздік қорларын дамыту. Түрлі-түсті ермексаздан пішіндерін келтіре отырып, түрлі шарлар жасауға жаттықтыру. Балаларды еңбекқорлыққа, таза жұмыс жасауға тәрбиелеу.  <b>«Әлеумет»</b></p>	<p><b>«Денсаулық»</b>  <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы: «Балабақшаға барар жолда»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға балабақшаға, мектепке бара жатқан қуанышты сәттерін әңгімелеу. Денсаулықты нығайтуды шынығу және оның маңызын қалыптастыру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру. Заттардың арасымен еңбектеу.  <b>«Қатынас»</b>  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы: «Балабақшадағы алғашқы күн»</b>  <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту, күз айындағы мереке «1 Қыркүйек – Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Саяхат жасау арқылы балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.</p>

		беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.	белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; ә) дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру; б) үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. <b>«Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты:</b> Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, бірнеше қатардан тұратын үйлердің суретін салуға және бояуға үйрету.	<b>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Балабақша үйіміз» Мақсаты:</b> Балаларға балабақша мектепке дейін тәрбиелейтін мекеме екендігін түсіндіру. Сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өз балабақшасын құрметтеуге баулу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, әңгімелеу.	<b>«Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Балабақшаға барамыз» (А. Досмағамбет) Мақсаты:</b> Әнді қайталатып, бірдей орындауға дағдыландыру.
Серуенге дайындық	10.55-11.10	Балалар киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Кию кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу.			
Серуен	11.10-12.30	1.Бақылау: күздің алғашқы белгілерін. 2.Еңбек: ойын алаңындағы қоқысты жинау. 3.Қимылдық ойын: «Ортаға түспек». 4.Жеке жұмыс: Білім күні туралы әңгімелесу. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: аула гүлдерін. 2.Еңбек: ойын алаңындағы ірі тастарды жинау. 3.Қимылдық ойын: «Өз жұбыңды тап». 4.Жеке жұмыс: Мадинадан күз мезгілінің ерекшеліктерін сұрау. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: аулу сыпырушының еңбегін. 2.Еңбек: ойын алаңындағы қоқысты жинау. 3.Қимылдық ойын: «Ақсерек, көксерек». 4.Жеке жұмыс: дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?». 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: күзі ағаштарды. 2.Еңбек: ойын алаңына тазалық жұмыстарын жүргізу. 3.Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». 4.Жеке жұмыс: балаларға жаңылпаш жаттату. 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу	12.30-12.40	Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру.			
Түскі ас	12.40-13.10	Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, сорпаны ұқыпты тауысып ішуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру.			

Түскі ұйқы	13.10-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау			
Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру.			
Бесін ас	15.40-16.10	Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Асхана құралдарын еркін пайдалану. Сүттің адам денсаулығына пайдасын айту.			
Ойындар, дербес әрекет.	16.10-16.40	<p><b>Топтық жұмыс: «Күзгі бақ»</b> сурет бойынша әңгімелеу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту.</p>	<p><b>Вариативтік компонент. «Математика әлемінде»</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жыл мезгілдері»</p> <p><b>мақсаты:</b> Балаларға жыл мезгілдерін атап, ерекшеліктерін сезіне отырып, мезгілді бағдарлай білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> сұрақ-жауап, көрсету. Жұмбақтар шешу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Бұл қай мезгіл?»</p> <p>шарты: ерекшеліктерін айту арқылы жыл мезгілін атау.</p>	<p><b>Вариативтік компонент. «Сөйле, балақай!»</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балабақшам екінші үйім»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың балабақша туралы ұғымдарын кеңейту. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін, күз мезгілінің ерекшеліктерін айту, күз айындағы мереке «1 Қыркүйек –Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> сұрақ-жауап, көрсету. Жұмбақтар шешу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Ғажайып қоржын»</p> <p>шарты: ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар: ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.</p>	<p><b>Жұмбақтар шешу</b></p> <p>Ұрамыз ол байғұсты таяқпен де, Тебеміз сәті түссе аяқпен де. Томпандап жүгіреді ұрған сайын, Басынан сипамайды аяп пенде. (Доп).</p> <p>Екі аяқты, бір ізді, Үстіне мені інгізді. Мінгізгенмен, ол менің, Аяғымды жүргізді. (Велосипед).</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		Сержанға тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атауды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтауды, күз мезгілінің айларын қайталау арқылы үйрету. Әр айдың ерекшелігін түсіндіру.	Ақнұрға заттардың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сурет салуға үйрету, байқампаздыққа, талғампаздыққа баулу.	Мадинаны суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырып айтуға үйрету, ертегіні түсініп мазмұндауға баулу.	АлиАхметке бөлме өсімдіктерін, балабақшаның жер теліміндегі өсімдіктерді атауды, оларға күтім жасауды үйрету.
Серуенге дайындық	16.40-16.50	Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету.			
Серуен	16.50-17.50	Бақылау: күннің салқындауын бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты». Еркін ойындар	Бақылау: аула гүлдерін. Қимылдық ойын: «Кім кетті?». Еркін ойындар	Бақылау: аула сыпырушының еңбегін бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Өз жұбыңды қуып жет». Еркін ойындар	Бақылау: күзгі ағаштарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Балаларды қатардын шықпай жүруге дағдыландыру. «Күз тамаша» әнімен серуеннен топқа оралу.			
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Үйден берілген тақпақты жаттап келу.	Үйден сөздерді анық айтуды үйрету.	Балалардың тілін дамыту үшін жаңылтпашты қайталау.	Жақсы демалыс тілеу. Таза, ұқыпты киініп келуді айту.

**Мектепалды даярлық № 12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы II – апта (07.09.20ж -11.09.20ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша және отбасы»

**Апталық тақырып:** «Отбасы және құндылықтары»

**Мақсаты:** Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы көруге, сыйлауға үйрету. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Дүйсенбі 07.09.2020ж</b>	<b>Сейсенбі 08.09.2020ж</b>	<b>Сәрсенбі 09.09.2020ж</b>	<b>Бейсенбі 10.09.2020ж</b>	<b>Жұма 11.09.2020ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.30	Таңертеңгілік балаларды қабылдау. Балалардың денсаулығын дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Балалардың көңіл-күйін сұрау. Қимылдық ойын: «Даусынын таны». Шарты: баланың көзін байлап ортаға шығару, келесі баланы дауыстату арқылы кім екенін тапқызу.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Сурет бойынша отбасы тақырыбында әңгімелеу. Мақсаты: суреттегі бейнелерді көре отырып, отбасы мүшелерін атау. Отбасына қамқорлық көрсетуге, құрметтеуге баулу.	Балаларға «Ата-ананың сөзі, ақыл-кеңес көзі» мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру.	Саусаққа жаттығу. Шынтақтан бастап, әрбір саусағымызды кезекпен жұдырыққа бүгеміз. Кейін бас бармақтан бастап қайталаймыз. Жаттығуды бірнеше рет қайталап жасаймыз.	«Ойын бұрышымен» жұмыс жүргізу. мақсаты: ойыншықтардың көп түрлілігін атай білуді, олардың неден жасалғандығын және қауіпсіздік ережелерін есте сақтауды үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты қарауға қалыптастыру.	Саусаққа жаттығу. Бас бармақ –әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз (бесеуміз).
Таңертеңгі жаттығу		Ертеңгі жаттығу кешені «Орамалмен»				
Таңғы ас		Балаларды таңғы асқа отырғызу. Бүгінгі күнгі берілген ботқаның пайдасын айту. Дұрыс сөйлемеу тамақ ішуге, тамақтану кезінде тамақ ішу ережесін сақтауға дағдыландыру.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.30-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар				
		<b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің отбасым». мақсаты: отбасы мүшелерін атай отырып, отбасы мүшелерін құрметтеуге үйрету.	<b>Несіпбек Айтөв</b> <b>«Бір шаңырақ астында»</b> Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да,	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің отбасым» мақ: балалар өз отбасындағы отбасы мүшелерін атауға үйрету. Отбасы мүшелерін сыйлауға,	<b>«Отбасы» туралы жаңылпаштар айту.</b>  Шеше, кеше, неше кесе сынды кеше?.	<b>Отбасы мүшелері туралы санамақ айту.</b> Бас бармақ –әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам,

			<p>Бірге сайран құрамыз. Ортақ болып ісіміз, Еңбек десе тынбаймыз. Үлкен сыйлап кішіміз, Аға ақылын тыңдаймыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз. Қ алған ата-бабадан, Бірлік асыл мұрамыз!</p>	<p>іні қарындастарына қамқорлық жасауға үйрету.</p>		<p>Шылдыр шүмек – әпкем, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз (бесеуміз).</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері</p>	9.00-10.55	<p><b>«Денсаулық»</b> <b>Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы : «Әкем, шешем және мен»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың отбасы туралы түсініктерін молайту. Балалардың дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, қозғалыс біліктіліктерін және дағдыларын қолдануға ынталандыру. <b>«Қатынас»</b> <b>Орыс тілі</b> <b>Тема «Моя семья»</b> <b>Цель:</b> Закрепить приобретенные знания о семье, о том, что в семье все заботятся и любят друг друга, умение правильно называть членов своей семьи на русском языке. Развивать</p>	<p><b>«Қатынас»</b> <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы: «Буын»</b> <b>Мақсаты:</b> «Буын» және «Сөз» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, суретті сөздің сызбасымен біріктіре білуге үйрету, әр сөзде қанша буын бар екенін анықтай білудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»</b></p>	<p><b>«Денсаулық»</b> <b>Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін дамыту. Негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру мақсатында қол жеткізуге бағытталған. Тізенің арасына доп қыстырып, секіру. Бір-біріне доп лақтыру. <b>«Қатынас»</b> <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы: «Әкесі мен балалары» (әңгімелеу) Л.Толстой</b> <b>Мақсаты:</b> Отбасы туралы, өзі отбасында тұлға екені және отбасын мүшелерінің өз орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Сурет</p>	<p><b>«Қатынас»</b> <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы: «Буын. Екпін»</b> <b>Мақсаты:</b> Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау, буындағы дауысты дыбысқа екпін түсіре білуге жаттықтыру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» шарты:</b> берілген сөздерді буынға бөлу. <b>«Шығармашылық»</b> <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы: «Дастархан жаямыз» (ұжымдық жұмыс)</b></p>	<p><b>«Денсаулық»</b> <b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b> <b>Тақырыбы: «Менің күн тәртібім»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға отбасы, отбасы құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру. Отбасында күнделікті күн тәртібін сақтауды дағдыландыру. Күн тәртібін сақтаудың денсаулыққа пайдасын айту. <b>«Қатынас»</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы: «Менің атам»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық</p>

		<p>лексико-грамматический строй речи, связную речь, активизировать словарь.</p> <p><b>«Таным»</b>  <b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы: «Менің отбасым»</b>  <b>Мақсаты:</b> Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу, отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету, балаларды ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Тату тәтті отбасы»  <b>шарты:</b> аталған сан бойынша отбасын нақтылау.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы: «Біздің үй»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға үйдің түрлі болатынын, үшбұрыш пен шаршыдан қарапайым жапсыру әдісін үйрету. Үйлердің түрлерін салыстырып, олардың айырмашылықтарын ажырата білуге баулу. Шатырдың пішінін</p>	<p><b>шарты:</b> берілген сөздерді буынға бөлу.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b>  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Ата-анаға көз қуаныш»  (А. Айтуова)  <b>Мақсаты:</b> Отбасы туралы түсіндіріп, ата-ана қамқорлығын әнмен жеткізе білуге үйрету.  <b>«Әлеумет»</b>  <b>Өзін-өзі тану</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Адам болам десеңіз...»  <b>Мақсаты:</b> Балаларға «адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту. Бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің отбасым».  <b>Шарты:</b> сурет бойынша әңгімелеу.</p> <p><b>«Таным»</b>  <b>Математика</b>  <b>негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз тату-тәтті отбасы»  <b>Мақсаты:</b> Кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары-төмен, сол жақта-оң жақта, үстінде-астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру; есте сақтау қабілетін дамыту;  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.  <b>Қимылдық ойын:</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Пішіні мен мөлшері жағынан әр түрлі ыдыс аяқтарды (кесе, пиала, ұсақ тәрелке) мүсіндеуді үйрету. Қолдың қимыл - қозғалысын, мүсіндеудің таныс амалдарын қолдануды дамыту.</p>	<p>жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.  <b>«Менің жанұям»</b>  Е.Өтетілеуовтың өлеңін мнемокесте әдісі арқылы жаттату. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің отбасым». <b>Шарты:</b> сурет бойынша әңгімелеу.</p> <p><b>«Таным»</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы: «Менің үйім»</b>  <b>Мақсаты:</b> құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, балаларды өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік</p>
--	--	---	---	--	--	--



		(трапеция, үшбұрыш) туралы түсініктерін бекіту. Бейнелерді ақ қағаз бетіне орналастырып, әр заттың орнын тауып жапсыруға үйрету.		<p><b>«Тату тәтті отбасы» шарты:</b> аталған сан бойынша отбасын нақтылау.</p> <p><b>«Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Мен осы үйде тұрамын»</b>  <b>Мақсаты:</b> Тұрғын жайлардың құрылымын бере отырып, параллель тік және көлденең сызықтар сызуды үйрету. Көзбен шамалауды және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. шыдымдылыққа тәрбиелеу. (акварель бояуымен)</p>		сезімдерге тәрбиелеу;  <b>«Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Ата-анаға көз қуаныш»</b> (А. Айтуова) <b>Мақсаты:</b> Отбасы туралы түсіндіріп, ата-ана қамқорлығын әнмен жеткізе білуге үйрету.
Серуенге дайындық	10.55-11.10	Балалар парталарын дұрыс қойып, киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Киіну кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу.				
Серуен	11.10-12.30	1.Бақылау: күзгі жапырақтарды. 2.Еңбек: ойын алаңындағы жерге түскен жапырақтарды жинау. 3.Қимылдық ойын: «Ұзындыққа секіру». 4.Жеке жұмыс: Аминаға күз мезгілі туралы сұрақтар қою арқылы білімдерін дамыту. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: Құстарды. 2.Еңбек: ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдық ойын: «Ортаға түспек». 4.Жеке жұмыс: Айзереден қыстап қалатын құстар туралы сұрау. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: тірі табиғат иелерін . 2.Еңбек: аула сыпырушының еңбегін бақылау. 3.Қимылдық ойын: «Аттамақ». 4.Жеке жұмыс: Алияхметтен тірі табиғат туралы сұрақтар қою арқылы білімдерін шыңдау. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: топырақты. 2.Еңбек: тәрбиешімен бірге ірі тастарды жинау. 3.Қимылдық ойын: «Ақсерек, көксерек». 4.Жеке жұмыс: дид.ойын: «Бор ма, тас па?». 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: солған гүлдерді. 2.Еңбек: ойын алаңына тазалық жұмыстарын жүргізу. 3.Қимылдық ойын: «Жұбынды қуып жет». 4.Жеке жұмыс: Манасқа анық сөйлеу мақсатында жаңылпаштар айтқызу. 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу	12.30-	Қатармен жүріп «Күзгі жаңбыр» әнін айту арқылы серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын				

	12.40	жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру.				
Түскі ас	12.40-13.10	Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, дәруменді салаттарын тауысып жеуге, асхана құралдарын (қасықты) еркін пайдалануға бір-біріне сілтемеуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	13.10-15.10	Киімдерін ауыстырып шкафқа ұқыпты жинау. Жатын бөлмеде төсектерін ретке келтіріп ұйқыға жату.				
		«Үш аю» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Мысық, әтеш және түлкі» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Балдырған» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау	«Үш торай» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Балабақша» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау
Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру, қыз балалар шаштарын реттеу.				
Бесін ас	15.40-16.10	Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Сөйлемей тамақтануға, сүтті төкпей ішуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	16.10-16.40	<p><b>Вариативтік компонент. «Экология және біз»</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Табиғат-біздің досымыз»  <b>Мақсаты:</b> Балаларға табиғат, тіршілік туралы түсініктерін қалыптастыру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қамқорлық жасай білуге үйрету.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын ойнау.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Табиғатты аялайық» ойыны  шарты: әр балаға тірі табиғат түрлерін көрсету арқылы тиым сөздер айтқызу. Мыс: гүлді жұлма. Ағашты кеспе. Суды ластама.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Айырмашылығын тап»</b>  шарты: көкөністер ішінен өзге заттарды ажырату.  Мақсаты:  Байқампаздыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>Вариативтік компонент.</b>  <b>«Математика әлемінде»</b>  <b>Тақырыбы:</b> "Апта күндері"  Мақсаты: Жыл мезгілдерін және әр жыл мезгілінің айларын атап үйрету, реттілігін сақтау.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Барлығы қанша?». шарты: жыл мезгілдерімен айларын ретімен атау, әр жыл мезгілінде қанша ай бар екенін айту, ай аттарын жаттау.</p>	<p><b>Вариативтік компонент.</b>  <b>«Сөйле, балақай!»</b>  <b>Тақырыбы:</b> "Менің отбасым"  <b>Мақсаты:</b> Балаларды өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Бір сөзбен ата» шарты: сурет арқылы</p>	<p><b>Топтық жұмыс:</b>  <b>«Менің сүйікті ойыншығым»</b>  тақырыбында сурет салу, әңгімелеу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		Көбелекті өлтірме. Құсты атпа т.б.  Әмірге тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атауды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтауды, күз мезгілінің айларын қайталау арқылы үйрету.	Айзереге заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуға үйрету, қол икемділігін дамыту, есте сақтау қабілетін, икемділігін дамыту.	Әминаға таныс шығармаларды мазмұндау кезінде мәтін мазмұнына мән беруге үйрету, еркін анық сөйлеуге дағдыландыру.	отбасы мүшелерін атау. Бір сөзбен «кімдер?» неден сұраққа жауап беру.  Амирге сөйлеу кезінде еркін қылысмай сөйлеуге, теңселмей тұруға қалыптастыру. Құрдастарымен еркін араласуына ықпал ету.	Манасқа ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айта білуге, аузын ашып анық сөйлеуге үйрету. Сөйлеу кезінде сөздері толық айтып жеткізуге, бастаған сөйлемді толық айта білуге, тіл икемділігін дамыту.
Серуенге дайындық	16.40-16.50	Топты жинастыру, ойыншықтарды өз орнына қою. Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету.				
Серуен	16.50-17.50	Бақылау: күзгі жапырақтарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Жұбыңды қуып жет». Еркін ойын.	Бақылау: Құстарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Еркін ойын.	Бақылау: тірі табиғат иелерін бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Арқан тарту». Еркін ойын.	Бақылау: топырақты. Қимылдық ойын: «Ұзындыққа секіру». Еркін ойын.	Бақылау: солған гүлдерді. Қимылдық ойын: «Ақсерек, көксерек». Еркін ойын.
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Балаларды қатардын шықпай жүруге дағдыландыру. «Осень» әнімен серуеннен топқа оралу.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Үйден берілген тақпақты қайталау арқылы жаттап келу.	Апта санамағын жаттау.	Таза, ұқыпты киініп келу.	Балалардың тілін дамыту үшін «Р» әрпін қайталауды үйрету.	Жақсы демалыс тілеу. Таза, ұқыпты киініп келуді айту.

**Мектепалды даярлық №12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы III – апта (14.09.20ж -18.09.20ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша және отбасы»

**Апталық тақырып:** «Мен адаммын»

**Мақсаты:** Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы көруге, сыйлауға үйрету. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 14.09.2020ж	Сейсенбі 15.09.2020ж	Сәрсенбі 16.09.2020ж	Бейсенбі 17.09.2020ж	Жұма 18.09.2020ж
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.30	Таңертеңгілік балаларды бір-бірлеп қабылдау. Балалардың денсаулығын, дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды» Барысы: балаларға сөздер айтылады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса, онда аяқпен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді, алақан шапалақтайды. Қасқыр ағаш басында отыр – аяқпен топылдатады. Кастрюльде кесе қайнап жатыр. Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр. Ит аспанда жүзіп келеді. Қыз үйдің суретін салып отыр. т.с.с.жаттығу жалғаса береді.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<b>«Мен ақылды баламын» тақырыбында әңгімелесу.</b> Мақсаты: балаларға өздерінің әр бір бала ақылды, көрікті, сүйкімді бала екендіктерін ұғындыра отырып, балалардың тәртіпті болуларын, білімге деген құштарлықтарын арттыру.	<b>Дидактикалық ойын: «Мынау не?»</b> шарты: адам дене мүшелерін атай отырып, әр дене мүшесінің адам өмірінде қандай маңызды қызмет атқаратындығы туралы түсініктерін дамыту.	<b>Кітап бұрышымен жұмыс жүргізу.</b> Мақсаты: балаларға кітап бұрышындағы кітаптармен таныстыра отырып, кітаптарды реттеп жинауға, ұқыпты ұстауға дағдыландыру.	<b>«Достық» жаттығуы</b> Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос ( қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес	<b>«Шеңбер» ойыны</b> Ойынның барысы: балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұру ұсынылады. Сонымен қатар, шеңбер бойымен тұрған балалардың әрқайсысы өзіне қарсы тұрған баланың көзіне қарап, жылы жүзбен күлімсіреу керек. (Балаларға жылы жүз сыйлау).
Таңертеңгі жаттығу		Ертеңгі жаттығу кешені «Әуен ырғағымен»				

Таңғы ас		Таңғы асқа «астарың дәмді болсын» айту кезінде және ас ішіп болған кезде балалардың «рақмет» деп жауап беруге дағдыландыру. Тамақты ұқыпты ішуге, сөйлемей отырғызу.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.30-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	9.00-10.55	<p><b>«Денсаулық»</b>  <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз көңілді балалар»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу. Допты екі тізесінің арасына қыстырып, қос аяқпен және кезекпен аяқты алмастыра отырып алға жылжып секіруді үйрету, тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету.</p> <p><b>«Қатынас»</b>  <b>Орыс тілі.</b>  <b>Тема:</b> «Это я»  <b>Цель:</b> Познакомить с названиями частей тела. Создать условия для формирования умений согласовывать</p>	<p><b>«Қатынас»</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Сөзбен танысайық»  <b>Мақсаты:</b> Сөз туралы туралы түсіндіруді жалғастыру. Сөзді анық, ашып айтуға үйрету. Әр сөздің айтылу мәнерін, мағынасын түсіндіру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету.</p> <p><b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөз құра, тез құра»  <b>шарты:</b> берілген</p>	<p><b>«Денсаулық»</b>  <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз мықтымыз»  <b>Мақсаты:</b> Балаларға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Секіртпемен еркін секіруге, еңкейтілген тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету. Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><b>«Қатынас»</b>  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Жақсы мен жаман» (өлеңді жаттау)  <b>Авторы:</b> Рахым Тышқанбаев  <b>Мақсаты:</b> Өлеңді</p>	<p><b>«Қатынас»</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Сөйлем»  <b>Мақсаты:</b> Ауызша сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру, берілген сөзге сөйлем құрастыра білуге үйрету, талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру, тыңдалған материалды мазмұндай білуге үйрету, «Сөйлем» және «Сөйлем сызбасы» терминдері туралы түсінік қалыптастыру.</p>	<p><b>«Денсаулық»</b>  <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз көңілді балалар»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Гимнастикалық орындық үстімен қолға алма не алмұрт ұстап тепе-теңдікті ұстап жүруге үйрету. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.</p> <p><b>«Қатынас»</b>  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Адам табиғаттың ең гажайып</p>

	<p>вопросительные местоимения (чей, чья, чьи). Закрепить умение понимать, различать вопросительные предложения со словами Что?, Кто? и уметь отвечать на них.</p> <p><b>«Таным»</b>  <b>Жаратылыстану Тақырыбы:</b> «Бізді не қоршап тұр?»  <b>Мақсаты:</b> Балаларға адам табиғаттың бір бөлігі екенін айтып түсіндіру. Өмір құндылықтарын үйрету. Табиғаттың әсемдігін сезініп аялай білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Өлі және тірі табиғат» шарты: сурет бойынша өлі және тірі табиғатты ажыратып айту  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Жапсыру Тақырыбы:</b> «Қыз қыдырып жүр»  <b>Мақсаты:</b> Қайшымен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру. Қағазбен жұмыс істеуде шығармашылыққа</p>	<p>әріптен сөз құрап айту.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Музыка Тақырыбы:</b> «Бөбектер әні» (Е. Тәшов)  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жана әнмен таныстырып, әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдауға үйрету.  <b>«Әлеумет»</b>  <b>Өзін –өзі тану Тақырыбы:</b> Мен қандай баламын?  <b>Мақ:</b> Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>мәнерлеп мәнін ашу. Өлең жолдары арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуін меңгерту. Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, жақсы-жаман қасиеттер туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Жақсы болып өсуге тәрбиелеу.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Жақсы-жаман»  <b>шарты:</b> жақсы мен жаманды ажырата білу.  <b>«Таным»</b>  <b>Математика негіздері Тақырыбы:</b> «Кел, ойнайық!».  <b>Мақсаты:</b> балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету;  ә) балалардың негізгі түстерді ажырата білу қабілетін дамыту; кеңістікте бағдарлау қабілетін күшейтуді, кеңістік қатынастарын (алдында – артында, ортасында) анықтауға</p>	<p><b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім шапшаң?» шарты: берілген сөйлемнен , сөйлем сызбасын құрау.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Мүсіндеу Тақырыбы:</b> « Биші Әйгерім»  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу;  <b>«Әлеумет»</b>  <b>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:</b> «Менің құқықтарым мен міндеттерім»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз</p>	<p><b>жаратылысы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн тәртібінің мағынасын түсіндіру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, меңгерген сөздермен сөйлем құрауға үйрету.  <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Мынау не?» шарты: сурет бойынша дене мүшелерінің қызметтерін айту.  <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Музыка Тақырыбы:</b> «Бөбектер әні» (Е. Тәшов)  <b>Мақсаты:</b> Әнді қайталау арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру.</p>
--	--	---	---	--	---

		баулу. Геометриялық фигураларды қию және адам бейнесіне келтіріп құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды қос бүктеу тәсілдерімен қиюға, бірдей заттың бірнеше пішінін қабаттап қиып алуға, оларды бір-біріне өлшеп, жақсылап орналастырып желімдеуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.		үйретуді жалғастыру; баланың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; б) ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Топтастыр». Шарты: заттарды ортақ қасиеттеріне сай топтастыру. <b>«Шығармашылық» Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Сәлеметсіз бе, бұл мен!» <b>Мақсаты:</b> Адамның дене құрылыстары туралы түсініктерін бекіту. Адамның бейнесін салуға үйрету. Балалардың адам бейнесін сала отырып, эстетикалық талғамын дамыту. Жинақтылықпен ептілікке үйрету.	құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің міндетім». Шарты: балалар өз міндеттерін сұрақ-жауап арқылы айту.	
Серуенге дайындық	10.55-11.10	Балалар киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Киіну кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу.				
Серуен	11.10-12.30	1.Бақылау: жаяу жүргіншілерді. 2.Еңбек:әдемі жапырақтарды бұйым жасау үшін жинау. 3.Қимылдық ойын: «Бағдаршам». 4.Жеке жұмыс:	1.Бақылау: бұлттарды. 2.Еңбек: ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдық ойын: «Бақалар». 4.Жеке жұмыс: Азизге «Жаңбыр»	1.Бақылау: жүк көліктерін. 2.Еңбек: ірі тастарды жинау. 3.Қимылыдық ойын: «Үңгірдегі қасқыр». 4.Жеке жұмыс: Амирге көліктер туралы	1.Бақылау: көгершінді. 2.Еңбек: тәрбиешімен бірге ағаштардың түбін қоқыстан тазалау. 3.Қимылдық ойын: «Ұшады-ұшпайды».	1.Бақылау: терек ағашын. 2.Еңбек: ойын алаңына тазалық жұмыстарын жүргізу. 3.Қимылдық ойын: «Тауық пен түлкі».

		Алиахметке жұмбақтар жасыру. 5.Еркін ойын.	туралы тақпақ жаттату. 5.Еркін ойын.	сұрақтар қою. 5.Еркін ойын.	4.Жеке жұмыс: Айзереге құстар туралы мәліметтер айтып білімін арттыру. 5.Еркін ойын.	4.Жеке жұмыс: Абылайға «Қ», әрпін анық айту үшін жаңылпаш жаттату. 5.Еркін ойын.
Серуеннен оралу	12.30-12.40	Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру.				
Түскі ас	12.40-13.10	Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, сорпаны ұқыпты тауысып ішуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	13.10-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Қазақ халық «Ұр тоқпақ» ертегісін тыңдау арқылы ұйықтату.	«Бөбектер» әнін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Мақтаншақ қоян» ертегісін тыңдау арқылы ұйықтату.	«Бөбектер» әнін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Бауырсақ» ертегісін тыңдау арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Асхана құралдарын (қасықты) еркін пайдалану. Сүттің адам денсаулығына пайдасын айту.				
Ойындар, дербес әрекет.	16.10-16.40	<b>Вариативтік компонент. «Экология және біз»</b> Тақырыбы: «Экология және біз» Мақсаты: Балаларға қоршаған орта туралы әңгімелеу. Қоршаған ортаның маңыздығын түсіндіру, қоршаған ортаның ластануы туралы айту. <b>Әдіс-тәсілі:</b> түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Жалғасын тап» ойыны шарты: сурет бойынша	<b>Дидактикалық ойын: «Даусын сал».</b> Мақсаты: құстар мен жануарлардың дауысын ырғақпен салуға үйрету.	<b>Вариативтік компонент. «Математика әлемінде»</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апта күндері» Балаларға апта күндерін рет-ретімен атауды үйрету. Жыл мезгілін, айды, аптаны қайталау. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау <b>Дидактикалық ойын:</b> «Апта күндерін ата» шарты: санамақ санау арқылы апта күндерін жаттап айту.	<b>Вариативтік компонент. «Сөйле, балақай!»</b> <b>Тақырыбы:</b> «Газалық -денсаулық кепілі» <b>Мақсаты:</b> адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Болады, болмайды»	<b>Дидактикалық ойын: «Төлді қалай шақырады?».</b> Мақсаты: төлдерді қалай шақыру керектігін үйрету.



Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		(қала және орман) әңгімелеу.  Азизге суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырып айтуға үйрету, сөздік қорын молайту.	Айзереге шағын әңгімелерді құрастырып айтуға, ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын, сөздік қорларын молайту.	Манасқа тілдің барлық дыбыстарын дұрыс айтуға, анық сөйлеуге үйрету. Сөйлемді аяқтап айтуға дағдыландыру.	шарты: дұрыс тамақтану ережесін еске сақтай отырып, суреттер арқылы тағам түрлерін көрсетеді, ал балалар оларды адамға пайдалы тағамды «болады» деп, зиянды тағамды «болмайды» деп айту керек.  Айзереге заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сурет салуға қалыптастыру, түсті таңдай білуге үйрету.	Әминаға құрдастарымен және ересектермен қарым – қатынасқа түсе алуға, олардың өтініштерін орындауға үйрету.
Серуенге дайындық	16.40-16.50	Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету.				
Серуен	16.50-17.50	Бақылау: жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Еркін ойындар	Бақылау: бұлттарды. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи тым-тырыс». Еркін ойындар	Бақылау: көліктерді бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Еркін ойындар	Бақылау: қыстап қалған құстарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тез жинау». Еркін ойындар	Бақылау: жапырақтардың түсуін бақылау. Қимылдық ойын: «Қағып ал». Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Балаларды қатардан шықпай жүруге дағдыландыру. Серуеннен топқа оралу.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Үйден балаларға тәрбиешінің аты-жөнін толық айтуға үйрету.	Үйден балаларға тәрбиешіден сұрануды үйрету.	Үйден тақпақты қайталауды үйрету.	Балалардың тілін дамыту үшін «Р» әрпін қайталауды үйрету.	Жақсы демалыс тілеу. Ұлдардың паштарын қиғызып, таза жуынып келуді айту.

**Мектепалды даярлық №12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы ІҮ – апта (21.09.20ж -25.09.20ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша және отбасы»

**Апталық тақырып:** «Табиғат бұрышы»

**Мақсаты:** Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы көруге, сыйлауға үйрету. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Дүйсенбі 21.09.20ж</b>	<b>Сейсенбі 22.09.20ж</b>	<b>Сәрсенбі 23.09.20ж</b>	<b>Бейсенбі 24.09.20ж</b>	<b>Жұма 25.09.20ж</b>
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.30	Таңертеңгілік балаларды қабылдау. Балалардың денсаулығын дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Балалардың көңіл-күйін сұрау. Қимылдық ойын: «Кім есікті қақты». Мақсаты: балаларды байқампаздыққа үйрету.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<b>«Табиғат бұрышымен» жұмыс жүргізу.</b> Мақсаты: балаларға табиғатты қорғай білуге баули отырып, бөлме гүлдерін және гүлдердің түрлерімен таныстыру, оларды аялай білуге, жапырақтарын сүртіп, су бүркуге, түбін қопсытуға үйрету, күтіп-баптауға дағдыландыру.	<b>Саусаққа жаттығу «Кірпі» жаттығуы</b> Момқанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!	<b>Әңгімелесу.</b> <b>«Табиғат бұрышын мекендеушілер»</b> тақырыбында табиғат бұрышын мекендеуші тірі табиғат иелері туралы түсініктерін дамыту. Оларға қамқорлық жасауға үйрету.	<b>«Табиғат бұрышы»</b> Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі мен оларға күтім жасау туралы толық мәлімет беру. Балықтарға қамқорлық көрсету, жем шашып, күтіп баптауға дағдыландыру.	<b>Үй құстарын мен үй жануарлары туралы жұмбақтар:</b> Түссе күннің шуағы, Көзді еріксізжұмады. Жылы жерді сүйеді, Беті-жолын жуады. (Мысық) Кезді бір жануар, Үстінде екі тау бар. (Түйе). Жарысса, тұлпардың пірі, танысса, құстардың пілі. (Түйеқұс)
Таңертеңгі жаттығу		Ертеңгі жаттығу кешені «Әуен ырғағымен»				
Таңғы ас		Балаларды таңғы асқа отырғызу. Бүгінгі күнгі берілген ботқаның пайдасын айту. Дұрыс сөйлемей тамақ ішуге, тамақтану кезінде тамақ ішу ережесін сақтауға дағдыландыру.				
Ойындар,	8.30-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар				

<p>ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>		<p>Дидактикалық ойын: «Бөлме гүлдері» . мақсаты: табиғат бұрышындағы гүлдер және олардың түрлерімен таныстыру.</p>	<p>Жұмбақтар шешу. Балаларға табиғат бұрышын мекендеуші өсімдіктер мен жануарлар туралы жұмбақтар жасыру.</p>	<p>Қимылдық ойын «Кірпі» мақсаты: балаларға жануарлардың жүрісін, олардың өзара бір-бірінен айырмашылығын айыра білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Құстар» мақсаты: табиғат бұрышын мекендеуші және дала құстарын бір-бірінен ажыратуға үйрету.</p>	<p>дидактикалық ойын: «Қайда не өседі?» Мақсаты: табиғат бұрышын мекендеуші тірі табиғат иелерінің тіршілігімен таныстыру.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері</p>	<p>9.00-10.55</p>	<p>«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Гүлдер» <b>Мақсаты:</b> Балалардың табиғат бұрышы туралы түсініктерін молайту. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу қимылының негізгі түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Затты желке тұсынан оң және сол қолымен допты алысқа лақтыруды үйрету. <b>«Қатынас»</b> <b>Орыс тілі.</b> <b>Тема:</b> «Уголок живой природы и его обитатели» <b>Цель:</b> Познакомить детей с понятием «уголок живой природы». Расширить экологические знания детей. Расширить</p>	<p>«Қатынас» <b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:</b> «Хабарлы сөйлем» <b>Мақсаты:</b> Хабарлы жай сөйлеммен таныстыру. Хабарлы сөйлемнің тыныс белгісімен мағынасын түсіндіру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім шапшаң?» шарты: берілген сөйлемнен , сөйлем сызбасын құрау. <b>«Шығармашылық» Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күз тамаша» (Л. Мұхашова) <b>Мақсаты:</b> Балаларды жаңа әнмен таныстырып, әнді тыңдап, сезіне білуге және табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін</p>	<p>«Денсаулық» <b>Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Өсімдіктер әлемі» <b>Мақсаты:</b> Балалардың табиғат бұрышы туралы түсініктерін дамыту. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу қимылының негізгі түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Кегли арасымен ирелеңдеп жүруді үйрету. <b>«Қатынас» Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күз жомарт» <b>Е.Өтетілеуұлы (жаттау)</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт</p>	<p>«Қатынас» <b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы:</b> «Сұраулы сөйлем» <b>Мақсаты:</b> Сұраулы сөйлеммен таныстыру. Сұраулы сөйлемнің тыныс белгісімен айтылу мағынасын түсіндіру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім шапшаң?» шарты: берілген сөйлемнен , сөйлем сызбасын құрау. <b>«Шығармашылық» Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> «Көкөністер» (қияр, қызанақ) <b>Мақсаты:</b> Балаларға көкіністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкіністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, қияр мен қызанақ мүсінін жасауға үйрету.</p>	<p>«Денсаулық» <b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы:</b> «Бөлме гүлдері» <b>Мақсаты:</b> Балаларды бөлме гүлдері мен және олардың түрлерімен таныстыру. Бөлме гүлдерін күтіп-баптау мақсатында топ бөлмесінде таза ауа сақталып, денсаулыққа пайлады болатындығы туралы білімдерін дамыту. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>«Қатынас» Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> «Табиғат бұрышындағы - тотықұс» <b>Мақсаты:</b> Табиғат бұрышын мекендеуші құс –тотықұспен таныстыруды жалғастыру (денесі,</p>

	<p>знания детей, обогатить словарный запас детей по данной теме; последовательно излагать свои мысли.</p> <p><b>«Таным»</b>  <b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу.</p> <p><b>«Шығармашылық»</b>  <b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы: «Көркем күз»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға қосымша құралы ретінде түстерді пайдалана білдіру қабілетін дамыту үшін қағаз түстері мен көлеңкелерді үйлестіре таңдау</p>	<p>қалыптастыру. <b>«Әлеумет»</b>  <b>Өзін –өзі тану</b>  <b>Тақырыбы: «Менің есімім»</b>  <b>Мақсаты:</b> Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>	<p>мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз мезгілінде сыйлайтынын түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Жеміс пе, көкөніс пе?» шарты: көкөніспен жемістерді ажырату. <b>«Таным»</b>  <b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз»</b>  <b>Мақсаты:</b> а) балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; ә) балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту;</p>	<p>Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу)</p>	<p>ол көреді, естиді, қозғалады, өседі, көбейеді); тотықұстың құсқа тән ерекшеліктерін байқап, айтып беруге үйрету (жүні, қауырсыны, қанаты бар, ол ұшады). Еркіндікте өмір сүретін құстар мен торда өмір сүретін құстар туралы түсініктерін кеңейту. <b>«Таным»</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Тақырыбы: «Жаңғақ қабығынан құрастыру»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды табиғи материалдардан грек жаңғағын пайдалана отырып, бүтін затты құрап өз ойынан шығармашылық танытуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын жақсарту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>«Шығармашылық»</b>  <b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: «Күз тамаша»</b> (Л. Мұхашова)  <b>Мақсаты:</b> Әнді</p>
--	---	---	--	--	--

		қабілеттерін жетілдіру. Қағаз бетіне көркем композиция жасау мүмкіндігін қалыптастыру.		б) сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу. <b>«Шығармашылық» Сурет салу Тақыры: «Қызыл-жасыл жапырақтар» (акварель) Мақсаты:</b> Түстерді ажырата білуге, көркемдік талғамын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Бояу түстерін алмастырып отыруға, көңіл-күйге сәйкес жаттықтыру.		қайталау арқылы балалардың ойынды, биді қадағалап, белсене араластыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
Серуенге дайындық	10.55-11.10	Балалар парталарын дұрыс қойып, киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Киіну кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу.				
Серуен	11.10-12.30	1.Бақылау: күз мезгіліндегі киімді. 2.Еңбек: ойын алаңындағы шашылған ұсақ тастарды жинау. 3.Қимылдық ойын: «Жапалақ». 4.Жеке жұмыс: Амирге тұрмыстық заттар мен киімдерді ұқыпты ұстау жөнінде кеңестер беру. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: жапырақтарды. 2.Еңбек: ойын алаңын тазалау. 3.Қимылдық ойын: «Өз орныңды тап». 4.Жеке жұмыс: Әминаға «Ыдыстарды не үшін қолданамыз?» сұрақтарына толық жауап беруге үйрету. 5.Еркін ойын.	1.Бақылау: балабақша ауласында өсіп тұрған жүйіз ағаштарын . 2.Еңбек: гүлзардағы солған гүлдердің дәндерін жинауға көмектесу. 3.Қимылдық ойын: «Ортаға түспек». 4.Жеке жұмыс: Айзереге «Р» әрпін дұрыс айту үшін ыдыстар туралы (тәрелке, самаурин,	1.Бақылау: балабақша ауласындағы өсіп тұрған жемістерді. 2.Еңбек: тәрбиешімен бірге жеміс ағаштардың түбіндегі арам шөптерді жұлуға көмектесу. 3.Қимылдық ойын: «Шеңберге дәр түсір». 4.Жеке жұмыс: дидактикалық ойын: «Қандай ыдыс?». 5.Еркін ойын.	1. Бақылау: ағаштарды. 2.Еңбек: ойын алаңына тазалық жұмыстарын жүргізу. 3.Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». 4.Жеке жұмыс: Нұрайға ағаштан жасалған ыдыстарды сұрау. 5.Еркін ойын.

				торсық) сөздерді анық айтуға үйрету. 5.Еркін ойын.		
Серуеннен оралу	12.30-12.40	Қатармен жүріп «Күзгі жаңбыр» әнін айту арқылы серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру.				
Түскі ас	12.40-13.10	Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, дәруменді салаттарын тауысып жеуге, асхана құралдарын (қасықты) еркін пайдалануға бір-біріне сілтемеуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру.				
Түскі ұйқы	13.10-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		«Күз тамаша» әнін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Үш аю» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Бөбектер» әнін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Үйшік» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату.	«Күзгі жаңбыр» әнін тыңдату арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру, өыз балалар шаштарын реттеу.				
Бесін ас	15.40-16.10	Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Сөйлемей тамақтануға, сүтті төкпей ішуге дағдыландыру.				
Сюжеттік, дидактикалық ойындар, дербес әрекет.	16.10-16.40	<p><b>Вариативтік компонент.</b> «Экология және біз» Тақырыбы: «Экологиялық факторлар» Мақсаты: Қоршаған орта мен тірі табиғаттың байланысы туралы кеңінен түсінік беру. Қоршаған ортаға адам іс-әрекетінің әсері қандай екендігін түсіндіру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Экологиялық белгілер» ойыны шарты: суреттер</p>	<p><b>Топтық жұмыс:</b> «сауат ашу негіздері» оқу қызметінен өткен әріптерді қайталау, сөздерді буынға бөліп айту.</p>	<p><b>Вариативтік компонент.</b> «Математика әлемінде» <b>Тақырыбы:</b> «Тәулік бөліктері» мақсаты: Тәулік бөліктерін ретімен атауды үйрету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Сен тәуліктің қай мезгілінде оянасың?» шарты: тәулік бөліктерін сурет арқылы ретімен</p>	<p><b>Вариативтік компонент.</b> «Сөйле, балақай!» <b>Тақырыбы:</b> «Күз жомарт» мақсаты: Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім жылдам?» шарты: себеттің айналасында жемістер</p>	<p><b>Ұжымдық жұмыс:</b> «Күз кереметі» тақырыбы бойынша күз мезгілін бейнелеу, сипаттап айту</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар		арқылы қоршаған ортаға зиянды (заводтар, фабрика қалдықтары, тұрмыстық қалдықтар, машиналар) және пайдалы (құстар, өсімдіктер, жануарлар) екендігін ажырату.		орналастыру.	мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек.	
Серуенге дайындық	16.40-16.50	Айзереге мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту, түстерді таңдай білуге үйрету.	Манасқа өзіне ұнайтын бірнеше шығармалардың мазмұнын айта алуына бірнеше сұрақтар қою арқылы көмектесу. Тіл байлығын дамыту, сөздік қорын молайту.	АлиАхметке бөлме өсімдіктерін, балабақшаның жер теліміндегі өсімдіктерді атауды, оларға күтім жасауды үйрету.	Нұрайға заттардың үлгісі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сурет салуға үйрету, байқампаздыққа, талғампаздыққа баулу.	Алимансурға жеке тәжірибесінен суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырып айтуға машықтандыру.
Серуен	16.50-17.50	Бақылау: киімдерді бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Шеңберге дәр түсір». Еркін ойындар	Бақылау: жапырақтардың түсуін бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Кімнің командасы көп жинайды?». Еркін ойындар	Бақылау: жүзім ағаштарын бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Ортаға түспек». Еркін ойындар	Бақылау: жеміс ағаштарын бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи тым-тырыс». Еркін ойындар	Бақылау: ағаштарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Балаларды қатардын шықпай жүруге дағдыландыру. «Күзгі жаңбыр» әнімен серуеннен топқа оралу.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Үйден тақпақтарды қайталауға тапсырма беру. Ата-анасына тапсыру.	Бөлме гүлдерінің пайдасын сұрау.	Тоты құс өлеңін қайталау, жаттау.	Жаңылтпаш жаттап келу.	Жақсы демалыс тілеу.